

2. Выявление степени острого многофакторного гепатотоксического поражения печени возможно с помощью традиционных «печеночных тестов». Определение активности GGT при хирургических вмешательствах у больных со злокачественными новообразованиями желудка и пищевода наиболее специфичный тест, позволяющий выявить, начальные и вяло текущие, не манифестирующие формы токсических гепатопатий.

3. Эритроцитарные «транспортёры» с включенным в них гептралом могут использоваться как система «доставки» его непосредственно в печень для реализации своего основного терапевтического эффекта.

4. Многофункциональность гептрала, а также его способность включаться в эритроцитарные транспортёры делают его препаратом выбора для адекватной гепатопротекции и профилактики печеночной дисфункции в онкохирургии.

Литература:

1. Ткачук В.А., Добровольский А.Б., Доценко В.А. Клиническая биохимия. М.: ГЭОТАР-МЕД, 2002.-360 с.
2. Озерова Н.В. Анестезиологическое обеспечение больших резекций печени. Диссертация канд. мед. наук, Москва. - 1997.
3. Подымова С. Д. Болезни печени. 3-е издание. Руководство для врачей. М. Медицина.1998. 703с.

Тұжырым

АСҚАЗАН ЖӘНЕ ӨҢЕШ ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРІМЕН АУЫРҒАН НАУҚАСТАРДАҒЫ ХИРУРГИЯЛЫҚ ЕМ БАРЫСЫНДА ГЕПАТОПАТИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ГАММА-ГЛУТАМИЛТРАНСПЕПТИДАЗА БЕЛСЕНДІЛІГІ С.З. Танатаров, А.С. Байсалбаева, Б.К. Куанова, А.О. Сагнаева

Бауыр ағзалардың түрлі синтетикалық және метаболиялық процестерінде маңызды орын атқарады, сондықтан анестезия мен операцияның көптеген мәселелері онымен байланысты. Асқазан және өңеш қатерлі ісіктерімен ауырған науқастардағы хирургиялық ем барысында GGT белсенділігін анықтау бастапқы және баяу ағымдағы, анық байқалмайтын (манифестирленбейтін) токсикалық гепатопатия түрлерін анықтауға мүмкіндік туғызуда нәзірлім тән сынама. Қосылып тұрған гептралмен эритроцитарлы «тасымалдаушылар» өзінің тікелей емдік әсерін іске асыру үшін, оның бауырға «жеткізілу» жүйесі ретінде қолданылады.

Summary

ACTIVITY OF ENZYME GAMMA-GLUTAMYL TRANSPEPTIDASE IN PREVENTION OF HEPATOPATHY WITH HEPTRAL AT OPERATIONS ON STOMACH AND ESOPHAGUS

Tanatarov S. Z., Baysalbayeva A.S., Kuanova B. K., Sagnayeva A.O.

As the liver plays a central role in metabolic and synthetic processes in organism the numerous problems can arise with it at surgery and anesthesia. Definition of GGT activity in patients with cancer of stomach and esophagus undergone surgery is the most specific test that allows to elicit early and latent forms of toxic hepatopathy. Erythrocytes «carriers» with «Heptralum» included can be used as a system of its transporting into the region of realization of its therapeutic effect.

ӘОЖ 614.253.5+37.046.14

Б.Ж.Токтабаева¹, Р.М. Қисина²

Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті
№ 2 Балалар аурулары кафедрасы, м.г.к.¹
«Мейірбике ісі» мамандығы бойынша магистрант²

БОЛАШАҚ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМДІ МЕЙІРБИКЕЛЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

Тұжырым

Бұл мақалада болашақ жоғарғы білімді мейірбикелердің құзыреттіліктерінің даму деңгейі жайлы ғылыми сараптама нәтижелері сипатталған.

Кілтті сөздер: мейірбике, жоғарғы білімді мейірбике, құзыреттілік, мейірбике құзыреттіліктері.

Қазіргі таңда шығармашыл ойлай алатын, әлеуметтік және кәсіби белсенділікке ие, жаңа заманғы еңбек нарығында бәсекелестікке және ұтқырлыққа ие мамандарға сұраныс өте жоғары. Жоғарғы оқу орындарында білім алушы мейірбикелердің кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі дәл қазіргі уақытта ғылыми пайымдаудың негізі болып табылмады. [1]

Ғылыми зерттеулердің сараптамасы жоғарғы білімді мейірбикелердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мейірбике ісінің дамуында маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп отыр. [2] Қазақстан

Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде соңғы 6 жылда мейірбике ісі бойынша мейірбикелік білім беру жүйесінің өзгерісіне, мәртебесінің өзгерісіне, кәсіптік қызмет аймағының кеңеюіне, дәрігер және мейірбике арасындағы міндеттерді қайта бөлуге бағытталған қайта құрулар жүргізілуде. Нәтижесінде мейірбикелердің алдында кәсіптік өсуінің жаңа мүмкіндіктерін ашатын, білім берудің үш деңгейін және дипломнан кейінгі дайындықты қоса алатын, мейірбикелерді кәсіби дайындаудың көп деңгейлі жүйесі қалыптасты.

1995 жылдан бастап Қазақстанда жаңа оқу жоспарымен дайындалған мейірбикелер шығарыла бастап, тәжірибелік денсаулық сақтауда мейірбике ісі мамандар қатарын мейірбикелік үрдісті меңгерген, мейірбике ісі филолософиясын құптайтын, жаңа ойлау стилі бар мейірбикелермен толықтырылуда. Жоғарғы оқу мекемелерінде білім алушы мейірбикелердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі дәл қазіргі уақытқа дейін ғылыми пайымдаудың пәні болмады. Ғылыми зерттеулердің сараптамасы жоғарғы білімді мейірбикелердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жайлы сұрақтың анықталмағанын көрсетіп отыр. Жоғарғы білімді, жаңа дайындық деңгейіне ие мейірбикелердің пайда болуы, денсаулық сақтауды және тәжірибелік медицинаны ұйымдастырушыларының алдында бір қатар мәселелерді қойды.

Зерттеу өзектілігі

Жоғарғы білімді мейірбикелердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру және оны жоғары сатыға көтеру бүгінгі таңда негізгі мәселелердің ішінде өзектісі, теориялық және тәжірибелік жағынан маңыздысы болып отыр.

Зерттеу мақсаты

Мейірбике ісі мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарында білім алып жатқан студенттер арасында зерттеу жүргізіп, өз мамандығының құзыреттіліктерін қандай деңгейде меңгергенін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Семей Мемлекеттік медицина университетінің, С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университетінің «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 3 – 4 ші курстарда білім алып жатқан студенттер. Барлығы сауалнамаға 100 студент қатысты. Алынған сауалнама нәтижелері Ері Info бағдарламасы арқылы сарапталды.

Кесте.

Студенттердің кәсіби құзыреттіліктері мынадай критерилер бойынша бағаланды:

Жалпы кәсіби құзыреттілік	Арнайы-кәсіби құзыреттілік	Қарым - қатынас сферасындағы әлеуметтік құзыреттілік	Тұлғалық құзыреттілік
- Кәсіби өзін-өзі тану; - Кәсіби ойлауға және жаңа кәсіби білімдерді игеруге қабілеттілігі; - Кәсіби қызметті орындауға психологиялық тұрғыдан дайын болуы.	- Кәсіби білім, біліктілік, дағдылар; - Кәсіби қызметін жүзеге асыру қабілеттілігі; - Өзінің ары қарай кәсіби қалыптасуын жоспарлау алуы; - Кәсіби өз-өзіне баға беруі.	- Топта жұмыс істей алу; - Мәдени және тұлға аралық төзімділік; - Әлеуметтік-психологиялық бейімділік; - Шиеленісті жағдайларды шеше білу.	- Тұлғалық және өзінің кәсіби жүзеге асырылуын және өзін-өзі дамытудың қажеттілігі; - Әлеуметтік және моральды-этикалық құндылықтар; - Азаматтық ұстаным; - Психологиялық төзімділік.

Зерттеу нәтижелері төмендегідей:

Жалпы кәсіби құзыреттіліктері: студенттердің 65% төмен, 20% жоғары, 15% жоғары болған.

Арнайы - кәсіби құзыреттіліктері: 59% төмен, 25% орташа, 16% жоғары нәтиже көрсеткен.

Қарым - қатынас сферасындағы әлеуметтік құзыреттіліктері: студенттердің 50% төмен, 23% орташа, 18% жоғары болған.

Тұлғалық құзыреттіліктері: студенттердің 47% төмен, 33% орташа, 20% жоғары болды.

Қорытынды

Алынған сауалнама нәтижелері болашақ жоғарғы білімді мейірбикелердің кәсіби құзыреттіліктерінің қажетті жоғарғы деңгейде қалыптаспағанын көрсетіп отыр. Болашақ жоғарғы білімді мейірбикелердің кәсіби

құзыреттіліктерін қалыптастыруға ғылыми пайымдау қажет екенін дәлелдеп отыр.

Әдебиеттер:

1. Левина В.А. Формирование профессиональной компетентности специалиста сестринского дела с квалификацией базового среднего профессионального образования: Автореф...дисс. канд. пед. наук. - Саратов, 2004.

2. Нестерова Н.Л. Формирование профессиональной компетентности у студентов медицинских училищ в условиях профессионально-рефлексивного тренинга: Автореф...дисс. канд. пед. наук. - Москва, 2010.

Резюме

ОЦЕНКА УРОВНЯ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У БУДУЩИХ МЕДИЦИНСКИХ СЕСТЕР С ВЫСШИМ ОБРАЗОВАНИЕМ

Б.Ж. Токтабаева, Р.М. Қисина

В данной статье описан уровень развития профессиональной компетентности у будущих медицинских сестер с высшим образованием, сделан научный анализ.

Summary

ASSESSMENT OF THE FORMATION LEVEL OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE NURSES WITH HIGHER EDUCATION

Toktabayeva B. Zh., Kisina R. M.

This article describes the level of professional competence of future nurses with higher education, made a scientific analysis.